

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨМІРШЕҢДІКПЕН БАЙЛАНЫСЫ

Ибрагим Зубарзат Архатқызы

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің ӘФФ, Психология кафедрасының 3-курс білім алушысы,
Жетекшісі: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің ӘФФ, Психология кафедрасының
профессоры, п.с.г. кандидаты, Аубакирова Жанат Канаиқызы*

Бұл жұмыста студенттердің эмоциялық интеллект пен өміршеңдік деңгейінің ерекшеліктерін зерттедік, сонымен қатар олардың өзара байланысын анықтауға тырыстық.

Тірек сөздер: *эмоциялық интеллект, өміршеңдік, студенттік шақ*

Кәсіби қызметтің сәттілігі және оған қанағаттану эмоциялық интеллект пен өміршеңдікті қамтитын жеке ресурстарға негізделген. *Дэниел Гоулман* өзінің еңбегінде, эмоциялық интеллект- адам өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын тану, ниеттерін, мотивациялары мен тілектерін түсіну, сондай-ақ практикалық мәселелерді шешу үшін басқа адамдардың эмоцияларын басқару қабілеті деп көрсетеді. Ал, *Дмитрий Леонтьев*, өміршеңдік - адамның ішкі тепе-теңдікті сақтай отырып және қызметтің сәттілігін төмендетпей, стресстік жағдайға төтеп беру қабілеті деп анықтама береді. Яғни, бұл құбылыстардың екеуі де табысты кәсіби қызметтің жеке ресурстары ретінде әрекет ете алады.

Даниел Гоулман өмірде табысқа жеткізетін құр интеллект қана емес, эмоциялық интеллект деп көрсетеді. Әйгілі ғалым *Говард Гарднер* студенттерді тек академиялық дағдыларға ғана үйрете бермей, табиғи қабілеттерін дамытуға көмектесу керектігін айтып, педагог мамандарды осы бағытта жұмыла жұмыс істеуге шақырды. Осы орайда Гарднердің IQ-ге қатысты ескірген тұжырымдар лингвистика мен математикалық дағдылар төңірегіндегі тар ауқымнан шыға алмай жатыр, IQ тестілердің жетістігі негізінен мектепте немесе оқуға түсуге ғана жарамды. Алайда бүгінгі өмір талабы академиялық арнадан шығып кеткендіктен енді оған сенудің қажеті болмай қалды деген пікірін олар да қостайды. Интеллект ұғымын өмірде табысты болу үшін не қажет деген көзқарас тұрғысынан бағаламақ болған Майер және Саловей секілді психологтар оның ауқымын одан әрі кеңейте түсті. Интеллектен эмоциялық интеллекті бөліп шығып, оның қаншалықты маңызды екенін осы зерттеуден-ақ аңғаруға болады. Жоғарыда айтып кеткен ғалымдар *Питер Саловей мен Джон Майер* эмоциялық интеллектіні бес категорияға бөледі: эмоцияны танып-білу, эмоцияға ие болу, өз-өзінді жігерлендіру, басқа адамдардың эмоциясын аңғара білу және өзара қарым-қатынасты сақтау. Олардың ойынша, бұл категорияларды тәжірибе жинақтау және жаттығулар жасау арқылы да жетілдіруге болады.

Ал өміршеңдік ұғымы психологиялық құбылыс ретінде салыстырмалы түрде жақында қарастырыла бастады. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін әрдайым оның дамуына азды-көпті әсер етуі мүмкін *қолайсыз жағдайлар* немесе *факторлар* бар екендігінен бастау керек. Бірақ бұл әсерді осы жүйеге қосымша өлшеу факторларын, ең алдымен жеке әлеуетке негізделген өзін-өзі анықтауды енгізу арқылы жеңу. Жеке тұлғаның әлеуеті- бұл адамның ішкі мүмкіндіктерін көбейту, ең алдымен табысты даму қабілеті. Отандық және шетелдік әртүрлі тәсілдерде *жеке әлеуеттің* аспектілері ерік, эго күші, ішкі тірек, бақылау локусы және т. б. *Д.А. Леонтьевтің* пікірінше, шетелде осыған сәйкес келетін "hardiness" деген толық ұғым бар. Ол 20 ғасырдың 80-ші жылдарының басында қолданысқа енгізілді, кейінірек "өміршеңдік" деп аударылды. *С. Мадди* жеке тұлғаның шығармашылық әлеуеті мен стрессті реттеу мәселелерімен айналысты, бұл "hardiness" терминінің ашылуына әкелді. Өзінің тұжырымдамасы шеңберінде ол дәл осы мәселелерді байланыстыруды, талдауды және біріктіруді ерекше қисынды деп санады. "Hardiness" деп белгіленген инклюзия, бақылау және шақыру (өмірге шақыру) аттитудасын

тереңдету арқылы адам *бір уақытта дами алады, өзінің әлеуетін байыта алады және өмір жолында кездесетін стресстермен күресе алады.*

Эмоциялық интеллект қақтығыстардан аулақ болуға және адамдармен қарым-қатынас орнатуға көмектеседі, ал өміршеңдік жанжал туындаған жағдайда ішкі ресурстарын сақтауға және стресстік жағдайларда ашуланбауға мүмкіндік береді.

Дереккөздерді талдау кезінде біз ғылымда адам-адам типіндегі кәсіптерде, атап айтқанда эмоциялық интеллект пен өміршеңдік саласындағы зерттеулерде табысты қызмет үшін жеке тұлғаның жеке ресурстарын ашатын жұмыстар жетіспейтінін анықтадық. Адам-адам типіндегі кәсіптерде адамның бір жағынан қарым-қатынас, қолдау, эмпатия, өзін-өзі орналастыру және өзіне баурап алу дағдыларының болуын, ал екінші жағынан стресске төзімділіктің, жағдайды бақылай алуы, қоршаған орта мен өз өмірінде болуын қажет етеді. Осы типтегі мамандықтар танымал бола бастағандықтан, бұл зерттеудің *өзектілігі* деп білеміз.

Эмпирикалық зерттеу біздің жалпы зерттеуіміздің міндетіне байланысты келесі кезеңдер бойынша жүргізілді:

1. Студенттердің эмоциялық интеллект деңгейін зерттеудің нәтижесіне байланысты талдау.

2. Заманауи қазіргі студенттердің өміршеңдік ерекшеліктерін тану.

3. Студенттік кездегі эмоциялық интеллект пен өміршеңдік байланысын табу.

Зерттеуге Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 3 курс бакалавр студенттері (барлығы 10 адам) қатысты.

Зерттеу әдістері мен әдістемелер

Мақсатқа жету үшін келтірілген теориялық ережелерге сүйене отырып біздің зерттеуімізде келесі диагностикалық әдістемелер қолданылды:

- "Эмоциялық интеллект" диагностикалық әдістемесі (Н. Холл).

- "Өміршеңдік сынағы" (С.Маддидің сынағы Д.А.Леонтьевтің модификациясында).

Эмпирикалық зерттеу жүргізу кезеңдерінде нәтижелердің шынайлығын орнату үшін біз математика-статистикалық әдістерді қолдандық. Барлық есептер SPSS 23 компьютерлік бағдарлама бойынша жүргізілді. Анализге сипаттама статистикасы, Пирсон корреляциясы қосылды.

Зерттеу нәтижелері

Эмпирикалық зерттеудің бірінші кезеңінде Николас Холлдың эмоциялық интеллекті зерттеуге арналған әдістемесін қолдандық.

Студенттер арасында жүргізілген зерттеудің нәтижесін және статистикалық нәтижелерді өңдеу кезінде шкалалар бойынша деректер алынып, төмендегі 1-ші кестеде көрсеттік.

Кесте 1

Барлық респондент бойынша студенттердің эмоциялық интеллектісін зерттеу нәтижесі
(орт. м.) N = 10

	Мин имум	Макс имум	Орташа	Стандарттық ауытқу
Эмоциялық хабардарлық	4	14	9,6	3,34
Эмоцияларыңызды басқару	-2	9	3,5	3,689
Өзін-өзі ынталандыру	4	10	7,1	2,025


Эмпатия	2	16	8,4	4,695
Басқа адамдардың эмоцияларын тану және бақылау	2	17	10,3	4,644
Ортақ эмоциялық интеллект	16	59	38,9	11,752

Эмоциялық интеллекттің құрамдас бөліктері мыналар:

- эмоциялық хабардарлық (өз эмоцияларын, мүмкін болатын эмоциялық көріністерінің барлық спектрін білу, Белгілі бір сәтте белгілі бір эмоцияның пайда болу себептерін түсіну);
- эмоцияларыңызды басқару (өз эмоцияларыңыздың көрінісін бақылау мүмкіндігі, эмоциялық ысырапшылдық, эмоциялық тұрақсыздық)
- өзін-өзі ынталандыру (эмоциялар арқылы өзін-өзі ынталандыру қабілеті, эмоциялар арқылы өзінің мінез-құлқын басқару);
- эмпатия (осы эмоцияларды қабылдамай, басқа адамның қазіргі эмоциялық жағдайына саналы түрде жанашырлық таныту);
- басқа адамдардың эмоцияларын тану және бақылау (басқа адамдардың эмоциялық күйін тану және оған әсер ету мүмкіндігі).

Кестеде көрсетілгендей әр шкала бойынша алынған нәтижелердің ішінара деңгейі: 14 және одан жоғары болса - *жоғары*, 8-13 - *орташа*, 7 және одан төмен болса – *төмен* нәтиже көрсетеді. Біздің нәтижелерде эмоцияларыңызды басқару шкаласы бойынша төмен нәтиже, ал салыстырмалы түрде эмоциялық хабардарлық шкаласы бойынша нәтиже орташа деңгейді көрсетіп тұр. Сонда біздің зерттелушілеріміз өз эмоциялары туралы хабардарлық болса да, оларды басқара алу қабілетінің төмен екенін көрсетті. Зерттелуші студенттердің адаптация процесін ескеретін болсақ, 1-ші курсты, яғни адаптациялық периодты олар пандемия кезінде, онлайн форматта өткізді. Біздің гипотеза бойынша өз эмоцияларын басқара алу қабілетінің төмендігі адаптацияның дұрыс өтпеуі, және оған қоса әлемдік жағдай әсер етті деп білеміз.

Ал *өзін-өзі ынталандыру*, *эмпатия* шкалаларын қарастыратын болсақ алынған нәтижелер бойынша орташа деңгейді көрсетіп тұр. Зерттелуші студенттер 1,5 жылдан кейін диплом алып, дайын маман болып шығады. Олар адам-адам типіндегі мамандар болғандықтан эмоциялық хайджекке жолығуы жоғары пайызды көрсетеді. Сондай жағдайда эмоциялары арқылы өз-өзі ынталандыра алуы қажет екендігі, және басқа адамдардың эмоцияларына жанашырлықпен қарауы маңызды. Бірақ ескеру керек, біздің зерттеуімізде деректердің таралуы үлкен. Деректер толықтай таза көрсетілмеген. Таза деректер шығару үшін бізге үлкен үлгі (большая выборка) қажет. **Төменде (сурет 1) эмоциялық интеллект әдістемесі бойынша жасалған сипаттамалық статистиканың диаграммасы.**



Екінші кезеңде студенттердің өміршеңдік ерекшеліктерін зерттедік. Ол үшін Сальваторе Маддидің (Д.А.Леонтьевтің адаптациясына) әдістемесін қолдандық. **Зерттеуден алынған мәлімет төменде (кесте 2) көрсетілген.**

Кесте 2

	Минимум	Максимум	Орташа	Стандарттық ауытқу
Өміршеңдік	44	139	73,20	24,948
Қатысу (Вовлеченность)	12	51	28,20	10,02
Бақылау	23	33	26,90	3,247
Тәуекелді қабылдау	7	18	14,50	3,408


Жалпы өміршеңдіктің жоғары деңгейі, бұл зерттелушілердің стресс кезінде ішкі ресурстарын сақтай алатыны сонымен қоса олар өз өмірінің басты кейіпкері екенін және оны басқара алатындығын көрсетеді. Төмендегі кестеде методика бойынша норма көрсетілген.

Норма	Өміршеңдік	Қатысу (Вовлеченность)	Бақылау	Тәуекелді қабылдау
Орташа мән	50,79	22,3	16,7	11,8
Стандарттық ауытқу	11,32	4,95	4,06	3,36
Төмен мән	39 және одан төмен	17 және одан төмен	12 және одан төмен	8 және одан төмен
Жоғары мән	62 және одан жоғары	27 және одан жоғары	21 және одан жоғары	15 және одан жоғары

Зерттелушілерге өз тілектерін іске асыра алу сенімділігі тән. Өміршеңдіктің ішінара деңгейін қарастыратын болсақ: «тәуекелді қабылдау» (challenge) шкаласынан басқа көрсеткіштер, жоғары дәрежені шығарды. «Тәуекелді қабылдау» шкаласының орташа мән көрсетсе де басқалардан төмендігі, студенттердің жаңа толқындарға кепілдіктің болмауы, оларды тәуекелге сақтықпен қарауға алып келеді деп гипотеза құра аламыз. Жалпы алғанда барлық шкала бойынша зерттелуші студенттердің өміршеңдік дәрежесі жоғары нәтиже көрсетті.

Олардың өз өміріндегі оқиғаларға «қатысушылық» (commitment) тұлға үшін қызықты және тұрақты нәрсеге мүмкіндік береді деген сенім. «Бақылау» (control) компоненті қатты дамыған студенттер, өз жолдарын таңдай алатынын сезінеді және жетістікке алып келмесе де күрес нәтижеге әсер етеді деген сенімнің болуы. *Төменде (сурет 2) алынған нәтижелер бойынша сипаттамалық статистика диаграммасы.*

Сурет 2



Келесі кезекте студенттердің эмоциялық интеллектісі пен өміршеңдіктің байланысын зерттедік. Корреляциялық анализ нәтижесі 3 кестеде көрсетілген. Кестенің жоғары жағында- эмоциялық интеллекттің компонентері, ал сол жағында- өміршеңдіктің компонентері көрсетілген.

Кесте 3

	Эмоциялық хабардарлық	Эмоцияларын бақылау	Өзін-өзі ынталандыру	Эмпатия	Басқа адамдардың эмоцияларын тану және бақылау	Ортақ эмоциялық интеллект
Өміршеңдік	,558	,232	,627	,287	-,601	,692*
Қатысу (Вовлеченность)	,598	,255	,691*	,394	-,498	,724*
Бақылау	,219	,237	,167	,25	-,727*	,443
Тәуекелді қабылдау	,117	,049	,539	,139	-,053	,187

***. Корреляция 0,01 деңгейінде маңызды (екі жақты).*

**. Корреляция 0,05 деңгейінде маңызды (екі жақты).*

Корреляциялық анализдің нәтижесі бойынша Эмоциялық интеллект және Өміршеңдіктің кейбір шкалалары арасында теріс байланысты көре аламыз, оларды қою шрифтімен белгіледік. Жоғарыдағы деректер бойынша эмоциялық интеллект төмен нәтиже көрсетті, ал өміршеңдік бойынша жоғары нәтиже көрсетті. Сондықтан да, екеуінің байланысы теріс нәтиже шығарып тұр және екі айнымалының өзара байланысы кері пропорционалды.

болады. Бұл бір айнаымалы ұлғайған кезде екіншісі азаяды дегенді білдіреді. Біздің зерттелуші студенттердің өмірдегі қиыншылыққа, сәттілікке, армандардың орындалуына деген көз қарастары оң болып келеді, ал бірақ өз эмоцияларын басқара алу, өзін-өзі ынталандыру түсініктері толық жетілмеген.

Қорытынды.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты бойынша студенттердің эмоциялық интеллект пен өміршендіктің байланысын табу болды. Нәтижес бойынша эмоциялық интеллект жоғары болған сайын, өміршендік деңгейі төмен болады. Ал өміршендік жоғары болған сайын эмоциялық интеллект төмен болады. Бірақ, бұл зерттеуді тағы да үлкен көлемде жалғастыру көзделеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Maddi S. R. Relevance of Hardiness Assessment and Training to the Military Context / S. R. Massi / *Military Psychology*, 2007, 19 (1), pp. 61–70.
2. Гоулман, Д. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта / Д. Гоулман, Р. Бояцис, Э. Макки; Пер. с англ. // – М.: Альпина Бизнес Букс, 2005 – 301 б.
3. Гоулман, Д. Эмоциялық интеллект: ол неге IQ-дан жоғары саналады? / ағыл. ауд. А.П. Исаевой. - М.: АСТ: АСТ МОСКВА; Владимир: ВКТ, 2009. - 478, 30-47 б.
4. Леонтьев Д.А., Рассказова Е.И. Тест жизнестойкости. М., 2006
5. Мадди С. Теории личности: сравнительный анализ. СПб., 2002.
6. Mayer, J. D. Emotional intelligence [Electronic resource] / J. D. Mayer, P. Salovey. – 2005 Mode of access // Эл. ресурс. – Режим доступа: <http://www.unli.edu/emotionalintelligence>.
7. Андреева, И. Н. Предпосылки развития эмоционального интеллекта / И.Н. Андреева // *Вопросы психологии*, 2007 – № 5 – Б. 57–65.
8. Одинцова, М. А. Психология жизнестойкости / М. А. Одинцова // М.: ФЛИНТА: Наука, 2015 – 296 с.

УДК 37.018.1

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ СТИЛІ МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Иланова Айым Кайратовна

aiym300703@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ психология мамандығының 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Айкинбаева

Отбасы жеке тұлғаның тағдырын анықтайтын, оның әлеуметтенуіне әсер ететін әлеуметтік-мәдени институт ретінде қызмет атқарады. Жас ұрпақты тәрбиелеу, мәдениетті, білімді болуының кепілі отбасынан басталады. Отбасы- баланы дүниеге әкеліп қана қоймайды, оның тұлғалық қалыптасуы мен жеке басының дамуында орасан зор рөл атқарады.

Отбасы – берекенің, бірліктің, кіршіксіз тазалық пен адамгершіліктің ордасы, ал осындай береке мен бірлікке толы, құрметті де, сыйлы отбасының қалыптасуында жасөспірімдердің бойында қалыптасқан отбасы тәрбиесі жайлы түсініктердің маңыздылығы ерекше болып табылады. Әрине, жасөспірімдер бойында отбасы тәрбиесі жайлы түсініктердің қалыптасуы, олардың қажеттіліктері мен қызуғушылықтарына, түйсіктеріне, бағдарларына, дүниетанымына тікелей байланысты.